

**6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Еңбекті қорғауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету: азаматтық және еңбек құқығы нормаларын қолданудың теориялық және тәжірибелік сұрақтары» тақырыбына жазылған Рыскалиев Даулетбай Уразғалиевичтің диссертациясына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ СЫН-ШКІРІ**

**1. Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (тәжірибенің және ғылым мен техниканың даму сұраныстарымен) байланысы.**

Диссертациялық ізденіс жұмысының тақырыбы елімізде Адам капиталын дамыту кезеңінде аса өзектілігімен айқындалады, конституциялық, еңбек, азаматтық, әкімшілік және басқа да құқықтық аспектілерде әркімнің қауіпсіздік талаптарына сай еңбек жағдайымен қамтамасыз етілуіне, өмірі мен денсаулығын сақтауға, денсаулығына келтірілген зиянды өндіруге деген құқығын қамтамасыз ету бағытындағы құқықтық сұрақтар зерттеуге алынған.

Диссертациялық зерттеу жұмысы, тақырыбы бүгінгі таңда аса маңызды, өзекті болып табылады, мемлекет, қоғам үшін аса қажеттілігі бар күрделі, ғылыми талдауды қажет ететіндігі күмән келтірмейді.

Ізденіс жұмысында диссертанттың зерттеу объектілері, құқықтық сұрақтары болып әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына, осы аспектіде еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына, әлеуметтік қамсыздандырылуына, денсаулығын, өмірін қорғауға деген конституциялық құқықтарының қамтамасыз етілу механизмдері, тәсілдері айқындалған, жан-жақты зерттеуге алынған. Әркімнің өмірін, денсаулығын өндірістік ортада сақтау мәселесі бойынша ҚР Конституциясы, еңбек заңнамасы, азаматтық және басқа да салалық құқықтық актілер талдауға алынған, олар бойынша ұсыныстар, тұжырымдар диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауларында берілген.

Ізденіс жұмысында халықты әлеуметтік қорғау, өндірістік ортада жұмыскермен қатар басқа да жеке тұлғалардың денсаулығын сақтау, денсаулығына зиян келтірумен байланысты құқық бұзушылық әрекеттің (әрекетсіздіктің) орын беруінен туындайтын міндеттемелерді анықтау, кінәлі тұлғаны жауапкершілікке тарту, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сала аралық құқықтық нормалардың өзара байланыстылығы зерттелген.

ҚР Конституциясына сәйкес азаматтық және еңбек құқығында ұстанатын негізгі қағидат – әрбір тұлғаның өмірін, денсаулығын, еңбек ету қабілеттілігін сақтау, осы бағыттағы құқықтарын, заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады. Осы қағидат, Конституцияға сәйкес, азаматтығына қарамастан, жұмыспен қамтылған барлық жеке тұлғаларға тең жағдайда қолданылады.

Диссертацияда, зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми еңбектер, Қазақстан Республикасымен бекітілген негізгі халықаралық шарттар, ұлттық және шетелдік заңнамалық актілер жан-жақты зерттелген. Қазақстан Республикасында әркімге, азаматтығының болуы не болмауына қарамастан, тең жағдайда, заңнамалық негізде әлеуметтік қорғалуға деген құқығына кепілдік берілген.

Халықаралық деңгейде, 1988 жылғы 5 мамырындағы ХЕҰ-ның Хартиясына қосымша қабылданған Хаттамаға сәйкес әлеуметтік қорғалуға тиісті жұмыскерлердің құқықтары мен бостандықтары айқындалды: жұмыспен қамтылуына және кәсіп түрін еркін таңдауына, қандайда бір кемсітушілікке жол берілмей тең мүмкіндіктермен, тең жағдаймен қамтамасыз етілуіне; ұйым деңгейінде еңбек жағдайын айқындаумен байланысты өз уақытылы ақпарат алуға және келіссөздерге қатысуға; жасы келген тұлғалардың әлеуметтік қорғалуына және басқа да құқықтар белгіленген. 1992 жылдан бастап осы Хартиямен айқындалған құқықтар, бостандықтардың қамтамасыз етілу тәсілдері айрықша зерттеуге алына басталды. Осы Хартияға қосылған мемлекеттердің баяндамаларына тәуелсіз сарапшылар Комитетімен қорытындылар берілді. Осы құжат ерекше зерттелген.

Диссертацияда зерттеуге алынған халықаралық актілер, мәні бойынша, теңдік тұжырымдамасын формалдық немесе процессуалдық теңдік ретінде анықтайды. Сол себепті әркімнің мүддесі, құқықтық категория ретінде, құндылықтардың түпкілікті қайнар көзі ретінде қабылданған. Теңдік тұжырымдамасы негізінде ескерілетін негізгі белгі болып – «дербес таңдау» ұғымы диссертацияда жоғары деңгейде зерттелген. Дербес таңдау қағидатын қолдану жеке тұлғаның таңдауына кез келген сырттан араласуға бағытталған әрекетке тиым салуды көздейді.

Ізденіс жұмысында, халықаралық стандарттарға сәйкес, еңбекті қолдану және халықты жұмыспен қамту саласындағы теңдік қағидаты, мазмұнына және қолданылу деңгейіне баланысты зерттеуге алынған. Теңдік өлшемдерін анықтауда заң алдындағы теңдік бірінші өлшемі болып анықталған. Оның маңызы – кемсітушілікке жол бермеу қағидатының бекітілетіндігінде және халықаралық міндеттіліктер көлемінде заңнамалық актілерді қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жүктелетіндігінде. Аталған өлшемнің мәні мен маңызы – кез келген индивидтің жеке бостандығына мемлекет тарапынан кепілдіктің берілуін қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар, төртінші тұжырымда, азаматтық құқыққа сәйкес – тұлғаға келтірілген зиянның көлемі, оны өндірудің нысандары мен тәртібі, ал еңбек құқығының нормаларына сәйкес - кәсіптік жарақат алған, кәсіптік ауыруға не басқадай жазатайым жағдайға шалдыққан қызметшілерге таралатын кепілдіктердің көлемі: жұмыс, қызмет орнының сақталуы; басқа жеңіл қызметке ауысу мүмкіндігі; келтірілген зиянның деңгейін ескеріп өтемақы төлеу негіздері, көлемі анықталатындығы зерттеуге алынған. Еңбек

қауіпсіздігі институтының кешенділігі түрлі бағыттағы қоғамдық, жариялылық қатынастарды қамтитындығымен айқындалады.

## **2. Диссертацияға қойылатын талаптар деңгейіндегі ғылыми нәтижелері**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, зерттеу жұмысының нәтижелері жаңа, ғылыми сипатқа ие екендігін дәлелдейді. Ізденуші зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін айтарлықтай тұжырымдаған, сондай-ақ, теориялық және тәжірибелік материалдарды жан-жақты зерттеп, қолданып төмендегідей маңызды нәтижелерге қол жеткізгендігін айтуға болады:

**Бірінші нәтиже.** Жеке және заңды тұлғалардың, пәндік ерекшеліктері ескеріліп, өтініштерін қарау, олар бойынша шешім қабылдау, осы аспектіде мүдделі тұлғаға ақпарат беру міндетін меншік түріне, не құрылу нысанына қарамастан барлық ұйым басшыларына, лауазымды тұлғаларға жүктеу жөніндегі ұсыныс жеткілікті деңгейде тұжырымдалған.

Сонымен қатар, еңбек заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында, ҚР ЕК-нің 4-бабының 2) бөлігіндегі «**еңбек бостандығы**» мәтініндегі сөздерді келесі мәтінде анықтау қажеттілігі ұсынылған: «**әркімнің еңбек бостандығын - қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауын қамтамасыз ету**».

**Екінші нәтиже.** Еңбек кодексін тәжірибеде қолдануда қарама-қайшылықтарға, сәйкессіздікке жол бермеу мақсатында ҚР ЕК-нің 1-бабының 2-тармағын келесі редакцияда айқындау ұсынылған: «Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының арнаулы ұғымдары мен терминдері осы Кодекспен және басқа да заңдармен айқындалатын мағыналарда пайдаланылады».

Қолданыстағы мәтіні «еңбек қатынастарын реттеуде қолданылатын ұғымдар мен терминдер осы Кодекстің 1-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған мәтінде пайдаланылуға тиіс. Қолданылатын ұғымдар мен терминдер, осы Кодекстің 1-бабының 2-тармағына сәйкес, осы Кодекстің тиісті баптарында айқындалған мағыналарда пайдаланылады». Қолданыстағы мәтін сақталған жағдайда құқық қолдану тәжірибесінде қарама-қайшылықтардың орын беретіндігі ізденіс жұмысында жеткілікті деңгейде тұжырымдалған.

**Үшінші нәтиже.** Еңбек заңнамасында лауазымды тұлға ұғымын анықтау қажеттілігі келесідей мәтінде ізденушімен ұсынылған: лауазымды тұлға – нормативтік құқықтық актілер, не ұйымның жарғысы, не жарғы негізінде қабылданатын жұмыс берушілердің актілері, еңбек шарты, ұжымдық шарт, лауазымдық нұсқама және басқа да актілер негізінде лауазымдық қызметін атқаруда әкімшілік, өндірістік-шаруашылық қызметті жоспарлауды, еңбек ұжымын басқаруды жүзеге асыратын және, соған байланысты, жұмыскерлерге нұсқама беру құқығымен иемденетін жұмыскер.

**Төртінші нәтиже.** Еңбек қауіпсіздігі туралы ережелердің, олардың, қатарында, жазатайым жағдайларды тергеп-тексеру туралы талаптардың, қызмет (жұмыс) түрінің өзгешелігіне қарамастан, халықты жұмыспен қамту нысанында жұмыспен қамтылған барлық адамдарға, сонымен қатар, азаматтық құқықтық шарттар негізінде ұйым, өндіріс ортасында белгілі бір жұмыстарды орындайтын, қызмет түрлерін көрсететін тұлғаларға тең қолданылуын ҚР ЕК-де айқындау ұсынылған.

**Бесінші нәтиже.** Еңбек қатынастарында құқықтық маңызы бар өндірістік, ұйымдастырушылық, әлеуметтік – экономикалық, рәсімдік (процедуралық) іс-шараларды дереу, өз уақытылы шешу қажеттілігін ескеріп, жаңа мәтінде, жұмыскерлердің өкілдерінің келесідей кешенді ұғымының айқындалуы ұсынылған: *өкілдер – кәсіптік одақтардың органдары, олардың бірлестіктері және жұмыскерлер тарапынан өкілеттік алған, Қазақстан Республикасының заңнамасына, сонымен қатар, не ұйымның Жарғысына, жұмыс берушінің актілеріне, ұжымдық, еңбек шартына және басқа да актілерге сәйкес өкілдік қызметін жүзеге асыруға құқылы жеке және (не) заңды тұлғалар.*

**Алтыншы нәтиже.** ҚР Конституциясының 23-бабының 1-тармағына сәйкес әркімнің қоғамдық бірлестіктерге бірігуге деген құқығын қамтамасыз ету, осы аспектіде 14 жасқа толған жастардың, жұмыскерлердің, ҚР «Кәсіптік одақ туралы» Заңында, кәсіптік одақтарға бірігуге деген құқығын бекіту ұсынылған. Мұндай шешімнің кәсіподақтардың жігерлігін арттыруға септігін тигізетіндігі негізделген.

**Жетінші нәтиже.** Еңбек және еңбекпен байланысы бар өзгеде өндірістік, экономикалық, әлеуметтік сұрақтарды шешу, осы бағыттағы қатынастарды реттеу мақсатында ұйым деңгейінде қабылданатын барлық актілердің келесі түрлерге бөлінулері, олардың ҚР ЕК-де айқындалуы ұсынылған: жұмыс берушілердің актілері; жұмыскерлердің өкілді органымен қабылданатын актілер; жұмыс беруші және жұмыскерлер өкілдерімен біргелікті қабылданатын актілер болып.

Диссертациялық зерттеу жұмысын орындауда қол жеткізілген нәтижелердің барлығы ғылыми негізделген, олардың тәжірибелік қажеттілігі дәлелденген.

### **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі**

Ізденушінің ғылыми еңбегін зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерінің, ғылыми тұжырымдарының шынайылығы және теориялық-әдіснамалық негізделуімен, жұмыстың ғылыми ақпаратының айқындығымен, сонымен қатар, мақсаты мен міндеттерінің сәйкестігімен, тұжырымдарының дәйектелуімен қамтамасыз етілген.

**Бірінші нәтиже.** Негізді - әрі шынайы, себебі ғылым теориясында Конституциямен айқындалған әркімнің құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, осы аспектіде өтініштерін қабылдау, қарау міндетін меншік нысанына қарамастан барлық заңды тұлғалардың басшыларына, жұмыс берушілерге және басқа да лауазымды тұлғаларға жүктеу, сәйкесінше, теориялық аспектіде өтініштерді жіктеуде, заңнамалық тәртіпте, келесі үш санатқа бөлу ұсынылған:

1) бірінші деңгейде - барлық құқық салаларында өтініштердің жалпыламалық қаралу рәсімін қамтитын ережелердің енгізілулері;

2) екінші деңгейде - әкімшілік рәсімдеу туралы құқық қатынастарының шеңберінде, уәкілетті мемлекеттік органдар деңгейінде, сонымен қатар, мемлекеттік қызмет жүйесінде қаралатын өтініштердің;

3) үшінші деңгейде - кәсіпкерлік қызметінде, мекемелерде және басқа да заңды тұлғалар деңгейлерінде еңбекті ұйымдастыру, еңбек қатынастарын реттеуде, хабарламалардан бөлек, қаралатын өтініштердің қаралу рәсімдерінің енгізілуі ұсынылған.

**Екінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы, себебі, бүгінгі таңда, осы бапта және Еңбек кодексінде берілген мәтіндегі ұғымдар мен терминдер еңбек қатынастарының барлық тұстарын қамтымайды. Көптеген ұғымдар мен терминдер салалық заңдармен және заңға тәуелді басқа да нормативтік құқықтық актілермен айқындалған. ҚР ЕК-нің 1-бабының осы мәтінде сақталуы құқықтық қарама қайшылықтардың пайда болуына негіз болуда. Осындай қайшылықтардың болуы еңбек қатынастарын сапалы тәртіпте реттеуге мүмкіндік бермейтіндігі тұжырымдалған.

**Үшінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы, себебі, ұйым деңгейінде еңбекті ұйымдастыру және қадағалау тек қана ұйымның басшысына ғана емес, сонымен қатар ұйымның барлық құрылым бөлімшелерінің басшыларына, жетекші мамандарға да жүктелуге тиіс екендігі тұжырымдалған.

**Төртінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы, себебі әркімнің өмірін, денсаулығын сақтауға, қорғауға деген конституциялық құқығы шартсыз сақталуға тиіс. Азаматтық құқықтық шарттармен салыстырғанда еңбек шартының айырмашылық белгілері заңнамамен айқындалған, бірақ сол айырмашылықтар әркімнің денсаулығына келтірілген зиянды өндіртуде кедергі болуға тиісті емес деп диссертант өзінің қорытындысын берген.

**Бесінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы, себебі *«Рәсімдік іс-шаралар» ұғымы заңнамалық тәртіпте айқындауды қажет етеді, өйткені күнделікті өндірісті ұйымдастыру, жоспарлау, құжаттарды рәсімдеу және заңмен белгіленген тәртіпте құқықтық актілерді уәкілетті мемлекеттік органдарда тіркеуді жүзеге асыратын, қаржылық және басқа да ұйымдастырушылық іс-шараларды іске асыратын жұмыскерлердің өкілеттігін бір құжатпен айқындау қажеттілігі тәжірибеде жиі туындайды.* Мәселен, ұйым деңгейінде жасалған ұжымдық шартты Еңбек

инспекцияларында тіркеу, өндірістік шешімдерді, сонымен қатар жұмыскерлердің өкілдерінің қатысуымен біргелікті шешімдерді қабылдау үдерісін рәсімдеу, еңбек дауларын сотқа дейінгі тәртіпте келісім комиссиясын құрып, сол комиссияның шешімін қабылдау көптеген әкімшілік, ұйымдастырушылық іс-шаралардың бірі болып табылады. Осы мәселеде жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің өкілді органдарының өкілеттіктерін кең көлемде айқындау қажеттілігі жөнінде қорытынды берілген.

**Алтыншы нәтиже.** Негізді, әрі шынайы, себебі әркімнің 14 жастан бастап жұмыспен қамтылуға құқылы екендіктері ескеріліп олардың кәсіподақтарға бірігу мәселелері сапалы реттеуді қажет етеді. Қосымша заңнамалық негіздемесі ретінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 09 ақпандағы №285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 2-бабы көзделген. Аталмыш бапқа сәйкес, мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнаманың Конституцияға негізделуі, жастардың қатысуымен құрылатын бірлестіктердің осы Заңнан бөлек өзге де құқықтық актілерден тұратындығы негізге алынған.

**Жетінші нәтиже.** Негізді, әрі шынайы, себебі еңбек қатынастарын ұйым деңгейінде реттеуде қабылданатын актілердің ұғымын, түрлерін анықтау қажеттілігі толығымен негізделген. Конституцияға, заңдарға және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, құқық нормасын іске асыру мақсатында, ұйым деңгейінде қабылданатын барлық актілердің шеңберін, олардың қолдану тәртібін айқындау қажеттілігі дәлелді ұсынылған. Осы ұсыныстың зерттеу пәніне тікелей қатыстылығы еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көп жағдайда, ұйым деңгейінде қабылданатын актілерге тәуелді екендігінде. Өндірістік қатынастарды реттеуде, жедел тәртіпте қабылданатын актілерге сәйкес тараптардың уәкілеттіліктерін нақты белгілеу қажеттілігі жан-жақты зерттеуге алынған. Айқындалған мақсат - ұйым деңгейінде жұмыспен қамтылған адамның еңбек жағдайларын, жұмыстың нормасын, уақытын, тынығу уақытының режимін, қауіпсіздік нормалары, еңбек гигиенасының сақталуына қойылатын талаптарды, еңбекке ақы төлеудің тәртібін және басқа да еңбек жағдайларын нақты белгілеу екендігі негізделген.

#### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижелері (қағидалары) мен қорытындыларының жаңашылдық деңгейі**

**Бірінші нәтиже.** Ішінара жаңа нәтиже болып табылады. Себебі, Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңында және Еңбек кодексінде өтініштердің кейбір түрлері, оларды қарау тәртібі айқындалған, бірақ өтініштерді жіктеу, оларға құқықтық баға беру мәселелері теориялық тұрғыда толықтай іске асырылмаған.

**Екінші нәтиже.** Жаңа, осы нәтиженің негізділігі келесідей мән-жағдайларға негізделген. ҚР ЕК-не аталған редакцияда өзгерістер енгізілген жағдайда осы Кодекстің Қазақстан Республикасының Конституциясына толық сәйкестігі айқындалады, әркімнің осы бағыттағы құқығының, бостандығының шектелінуіне жол берілмейді, өйткені «еңбек бостандығы» термині әр қалай түсіндірілуі мүмкін, мәселен тек қана жеке тұлғаның таңдау еркі мағынасында, ал жұмыс берушінің негізсіз жұмыспен қамтылуы туралы әркімнің өтінішін қарамауы, қанағаттандырылмауы, сол себепті жауапкершілікке тартылу жағдаяттары заңнамада айқындалмаған.

Осы тұжырымның маңыздылығы және негізділігі – адам капиталын дамыту, әркімнің толық көлемде еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға деген құқығын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық механизмдер мен тәсілдерді еңбек және басқа да заңнамалық актілерде айқындауға негіз болады. Конституцияға сәйкес әркімнің әлеуметтік қорғалуға, жұмыспен қамтылуы, жұмыссыздықтан қорғалуы, әлеуметтік қамсыздандырылуы тек қана биліктің емес, сонымен қатар, жұмыс берушілердің де міндеті болып саналады. Осы мәселеде еріктілік пен қатар әлеуметтік теңділік, жауапкершілік қағидаттары қоғамдық өмірдің барлық бағыттарында бірдей қолданылуға тиіс.

**Үшінші нәтиже.** Жаңа болып табылады, себебі экономикалық қатынастарды реттеу мәселесі бойынша әрбір деңгейдегі басшылық құрамның жауапкершілігін анықтауға бағытталған.

**Төртінші нәтиже.** Жаңа болып табылады, себебі тек қана жұмыскерлердің ғана емес, сонымен қатар, өндірістік ортада ресми, формалдық негізде болатын барлық жеке тұлғалар қауіпсіздік талаптарына сай еңбек жағдайымен қамтамасыз етілуге құқылы.

**Бесінші нәтиже.** Жаңа болып табылады, себебі еңбек үдерісі (ұғым ретінде) рәсімдік мәселелерді қамтуға тиіс: шешім қабылдау, құжаттарды рәсімдеу, оларды алын-ала талқылау мәселелері бұрын реттелмеген.

**Алтыншы нәтиже.** Ішінара жаңа болып табылады, себебі қазіргі таңда Еңбек кодексінде не Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңында жастардың кәсіподақ құрамында болу мәселелері айқындалмаған жағдайда қалған.

**Жетінші нәтиже.** Жаңа болып табылады, себебі еңбек қатынастарын ұйым деңгейінде реттеуде қабылданатын актілердің ұғымын, түрлерін анықтау қажеттілігі толығымен негізделген. Конституцияға, заңдарға және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, құқық нормасын іске асыру мақсатында, ұйым деңгейінде қабылданатын барлық актілердің шеңберін, олардың қолдану тәртібін айқындау қажеттілігі дәлелді ұсынылған.

## **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау**

Диссертацияда ұсынылған нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар ізденіс жұмысының тақырыбы, құрылымы, мазмұны бойынша өзара

байланысты, олар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, ғылыми талаптары мен ұсыныстарына толықтай сәйкес келеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы бірқатар құқық салаларының зерттеу объектілері де болып табылады, пән аралық, сала аралық мағынасы бар теориялық және тәжірибелік сұрақтар болып табылады, мағынасы терең әрі жан жақты теориялық топтау сипатына ие. Диссертациядағы қорытындылар мен тұжырымдар шынайы әрі ғылыми тұрғыда негізделген.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы ауқымды, теориялық негіздемелері толықтай айқындалған, негізделген.

## **6. Қол жеткізілген нәтижелердің тәжірибелік және теориялық маңыздылығы**

Сараптама беруге ұсынылған диссертациялық жұмыстың мазмұны құрылымымен толықтай сәйкес, зерттеудің теориялық негізділігі, тәжірибелік қажеттілігі орындалған жұмыстың маңызды нәтижелерімен сипатталады. Атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің, басқа да мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының, кәсіптік және басқа да бірлестіктердің қызметінде осы диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері, ұсыныстары тәжірибесінде қолданылуы мүмкін, оған толықтай мүмкіндік бар.

## **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама**

Диссертацияның негізгі теориялық тұжырымдары мен тәжірибелік ұсыныстары автордың соңғы 3 (үш) жылдағы 9 ғылыми жарияланымдарында: олардың құрамында: Scopus мәліметтер деректер қорына енетін журналдарда - 2 мақала, шетелдік журналда - 1 мақала, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда - 3 ғылыми мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақ материалдарында - 3 мақала жарияланған.

Негізінде зерттеу тақырыбы бойынша 50-ден астам ғылыми еңбектері жарияланған.

## **8. Академиялық адалдық және тәуелсіздік қағидасының сақталуы**

Диссертациялық зерттеу жұмысын автор академиялық адалдық қағидатын ескере отырып орындаған, басқа авторлардың еңбектерін адал қолданған, олардың жұмыстарына сілтемелерді жасай отырып қолданылған құжаттар мен нормативтік құқықтық актілерге тиісті сілтемелерді жасаған. Ғылыми әдебиеттерді, мақалаларды қолдану барысында сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдік алмастырылуына жол берілмеген.



Диссертациялық жұмысты дайындауда автордың дербестік және тәуелсіздік қағидаты шеңберінде орындағанын автордың қорытындылары мен ұсыныстарынан байқауға болады.

## **9. Диссертацияның мазмұнымен рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар**

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдары мен ұсыныстары қойылған міндеттердің аяқталған нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, ескертулер мен ұсыныстар ретінде келесідей кейбір кемшіліктері анықталды:

1. Пандемия жағдайында отбасылық міндеттері бар жұмыскерлердің құқықтық мәртебесін, сондай-ақ толық емес жұмыс уақытында, не өндірістің тұрып қалу жағдайында еңбек қатынастарын реттеу ерекшеліктері арнайы зерттелген жағдайда диссертациялық жұмыстың тәжірибелік мағыздылығы арта түсер еді.

2. Әркімнің қауіпсіздік талаптарына сәйкес еңбек жағдайымен қамтамасыз етілуі, осы аспектіде Адам капиталын дамыту мәселесі осы ізденіс жұмысында зерттеуге алынған, дегенмен Адам капиталын дамыту бағдарламасы диссертациялық жұмыстың мазмұнында ашылып көрсетілмеген. Егер сол бағдарлама ұсынылған жағдайда ізденіс жұмысының өзектілігі артар еді.

Диссертацияның қорытындысында, бөлімдер соңында келтірілген бірқатар тұжырымдар жөніндегі алғы сөздер кіріспеде орын алу керек еді.

3. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде әзірленгенін ескере отырып, қазақ тілінде жарыққа шыққан отандық ғалымдардың жұмыстары, аудармаларға қарағанда басымырақ болғанда, зерттеудің қадірі арта түсер еді.

4. Диссертациялық жұмыста кездесетін ауқымды емес стилистикалық, грамматикалық және техникалық қателіктер (мысалы, нормативтік құқықтық актілердің атауының дұрыс жазылуы және т.б.) жөндеуді қажет етеді.

5. Диссертациялық жұмыста қарастырылуы мүмкін болатын даулы мәселелер арнайы белгіленді, олар пікірталас немесе ұсынымдық сипатқа ие, олардың жұмыстың артықшылықтарын кемітпейтінін, ғылыми құндылығын төмендетпейтінін назарға ұсынамын.

## **10. Ізденіс жұмысының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, нәтижелері мен тұжырымдары жоғары деңгейде жазылған, орындалған, теориялық және тәжірибелік маңыздылыққа ие, мақсатына жеткен деп тануға болады.

Диссертациялық жұмысқа оң пікірімді бере отырып, Рысқалиев Даулетбай Уразғалиевичтың «Еңбекті қорғауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету: азаматтық және еңбек құқығы нормаларын қолданудың

теориялық және тәжірибелік сұрақтары» тақырыбында орындалған диссертациясы қойылған талаптарға сәйкес келеді және 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Тұран университетінің  
«Құқықтану» кафедрасының доценті,  
заң ғылымдарының докторы



Handwritten signature: Д.К. Нурпеисов

Official stamp text: КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ТҰРАН УНИВЕРСИТЕТІ ҚҰҚЫҚТАНУ КАФЕДРАСЫНЫҢ БАСТЫҒЫ

Handwritten signature on stamp: Д.К. Нурпеисов

Date on stamp: «12» 04 2021 ж.

Д.К. Нурпеисов

«12» сәуір 2021 ж.